

Кеден одағын қалыптастыру кезіндегі тарифтік емес реттеудің бірыңғай шаралары туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 24 маусымдағы N 402-І Заңы.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Келісім қолданысын тоқтатты - ҚР 24.12.2014 N 266-V Заңымен.

Мәскеуде 1997 жылғы 22 қазанда жасалған Кеден одағын қалыптастыру кезіндегі тарифтік емес реттеудің бірыңғай шаралары туралы келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Кеден одағын қалыптастыру кезіндегі тарифтік емес реттеудің шаралары туралы

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын, Кеден одағы туралы келісімге қатысушы мемлекеттер болып табылатын Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы мен Ресей Федерациясы,

сыртқы экономикалық қызметті реттеудің бірыңғай тәртібі туралы келісімді іске асыра отырып,

тарифтік емес реттеудің бірыңғай шараларын әзірлеу, қабылдау және қолдану Кеден одағын қалыптастырудың шарттарының бірі ретінде қажеттігін ескере отырып,

Тараптардың кеден аумағына тауарлар импортының және осы кеден аумақтарынан тауарлар экспортының бірыңғай тәртібін орнатуға ұмтыла отырып,

Тараптардың ұлттық мүдделерін қорғау қажеттігін негізге ала отырып,

бірте-бірте бірыңғай кеден аумағына көшу міндетін қоя отырып, халықаралық құқықтың жалпыға танылған принциптері мен нормаларын басшылыққа ала отырып,

мына төмендегілер жөнінде келісті:

1-бап Жалпы ережелер

Осы Келісімде мына негізгі ұғымдар пайдаланылады:

сыртқы сауда саясаты - тауарлармен, жұмыстармен, қызмет көрсетулермен, ақпаратпен, интеллектуалдық қызметтің нәтижелерімен, оның ішінде оларға арналған ерекше құқықтармен (интеллектуалдық меншікке) алмасу саласындағы кәсіпкерлік қызмет;

тауар - кез-келген жылжымалы мүлік (энергияның барлық түрлерін қоса алғанда) және жылжымайтын мүлікке жатқызылған әуе, теңіз кемелері, ішкі жүзу кемелері мен сыртқы сауда қызметінің заты болып табылатын ғарыш объектілері, Халықаралық

тасымал туралы шарт бойынша пайдаланылатын көлік құралдары тауар болып табылмайды;

экспорт - қайта әкелу міндеттемесінсіз Тараптардың кеден аумақтарынан тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді, ақпаратты, интеллектуалдық қызметтің нәтижелерін, оның ішінде оларға арналған ерекше құқықтарды әкету;

импорт - қайта әкету міндеттемесінсіз Тараптардың кеден аумағынан тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді, ақпаратты, интеллектуалдық қызметтің нәтижелерін, оның ішінде оларға арналған ерекше құқықтарды әкелу;

жекелеген тауарлардың экспортына және/немесе импортына мемлекеттік монополия - лицензиялау негізінде жүзеге асырылатын тауарлардың экспортын және/немесе импортын реттеу жөніндегі қызмет. Осы қызметті жүзеге асыру үшін лицензияны Тараптардың уәкілетті органдары тек қана мемлекеттік кәсіпорындарға береді, олар Тараптар мемлекеттерінде қолданылып жүрген заң және нормативтік актілерге және жалпыға танылған халықаралық-құқықтық нормаларға сәйкес құқығын шектемеу және адал коммерциялық тәжірибе принциптерінің негізінде тауарлардың экспорты және/немесе импорты бойынша мәмілелер жасауға міндетті;

экспорттық бақылау - қару-жарақ, әскери техника мен екі ұдай мақсаттағы тауарлар қатысында сыртқы сауда қызметін жүзеге асыру кезінде Тараптардың ұлттық мүдделерін қорғау, сондай-ақ Тараптардың жаппай қырып жоятын қару мен қарудың өзге де аса қауіпті түрлерін және оларды жасау технологияларын таратпау жөніндегі халықаралық міндеттемелерін сақтау мақсатында қолданылатын шаралар кешені;

экспорт және/немесе импортты сандық шектеулер - әдеттегідей конкурс немесе аукцион өткізудің нәтижелері бойынша экспорттаушыларға және/немесе импорттаушыларға квота бөлу мен лицензия беру жолымен енгізілуі мүмкін немесе экспорт және/немесе импорт жөніндегі операцияларды квотаны жиынтық орындауға дейін нақты жүргізу тәртібімен сыртқы саясат қызметін сандық шектеу жөніндегі шаралардың жиынтығы;

экспорт және/немесе импортқа тыйым салу немесе шектеу - Тараптардың ұлттық мүдделерін негізге алып тауарлардың экспорты және/немесе импортына тыйым салу немесе шектеу енгізу жөніндегі шаралардың жиынтығы;

халықаралық экономикалық санкцияларды орындауға қатысу - Тараптардың бір мемлекет немесе бірқатар мемлекеттер қатысында халықаралық экономикалық санкциялар енгізу жөніндегі шаралардың жиынтығы;

техникалық, фармакологиялық, санитариялық, малдәрігерлік, фитосанитариялық және экологиялық стандарттар мен талаптар, әкелінетін тауарлардың сапасын бақылау - Тараптардың кеден аумағына әкелінетін тауарлардың Тараптар белгілеген техникалық, фармакологиялық, санитариялық, малдәрігерлік, фитосанитариялық және экологиялық стандарттар мен сапа талаптарына сәйкестігін бақылау шараларының жиынтығы;

тауарлардың бірыңғай тізбесі - тарифтік емес реттеу шараларының біріне жататын, Кеден одағы туралы келісімге қатысушы мемлекеттер немесе Кеден одағы туралы келісімге қатысушы мемлекеттер өкілеттік берген орган келіскен және бекіткен және Кеден одағы мемлекеттерінің бірыңғай кеден аумағында қолданылатын тауарлардың номенклатурасы.

2-бап

Осы Келісімнің мақсаттары үшін тарифтік емес реттеу шараларына:

- а) жекелеген тауарлардың экспорты және/немесе импортына мемлекеттік монополия;
- б) экспорттық бақылау;
- в) экспортты және/немесе импортты сандық шектеу;
- г) экспортқа және/немесе импортқа тыйым салу немесе шектеу;
- д) халықаралық экономикалық санкцияларды орындауға қатысу;
- е) техникалық, фармакологиялық, санитариялық, малдәрігерлік, фитосанитариялық және экологиялық стандарттар мен талаптар, әкелінетін тауарлардың сапасын бақылау жатады.

3-бап

Осы Келісімнің мақсаттары үшін тарифтік емес реттеу шараларын қолдану саласы Тараптар қатысушы болып табылатын басқа да халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, тауарлардың экспортымен және импортымен байланысты сыртқы сауда қызметі болып табылады.

4-бап

Тараптар экспортына және/немесе импортына мемлекеттік монополия белгіленетін тауарлардың тізбесін қалыптастыру, өзгерту және толықтыру жөніндегі ұсыныстарды Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының Интеграциялық Комитетіне (бұдан әрі - Интеграциялық Комитет) оның жұмысының регламентіне сәйкес талдау, келісу, шешімнің жобасын дайындау және оны қабылдау үшін енгізеді.

Экспортына және/немесе импортына мемлекеттік монополия белгіленетін тауарлардың келісілген тізбесі Тараптардың заңдарына сәйкес бекітіледі.

5-бап

Тараптар өз заңдарына сәйкес қару-жараққа, әскери техникаға және әскери мақсаттағы өзге де өнімге, ядролық материалдарға, жабдықтарға, арнайы ядролық емес материалдар мен тиісті технологияларға, сондай-ақ екі ұдай мақсаттағы тауарлар мен технологияларға қатысты лицензиялау немесе тарифтік емес реттеудің өзге де шараларын қолдану жолымен экспорттық бақылауды жүзеге асырады.

Осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген, Тараптардың экспорттық бақылауына жататын тауарлар мен технологиялардың тізбесі мен оны жүзеге асыру тәртібі

Тараптардың осындай халықаралық шарттарда мүшелігіне қарамастан экспорттық бақылаудың халықаралық режимдерін реттейтін халықаралық шарттарға негізделеді.

Тараптар Интеграциялық Комитет жанында шеңберінде осы Келісімнен туындайтын уағдаластықтарды іске асыруға байланысты мәселелер қаралатын экспорттық бақылау саласындағы өзара іс-қимыл жөніндегі комиссия құрады.

Тараптар халықаралық шартпен ресімделетін бірыңғай кеден аумағын құру рәсімі аяқталғанға дейін үш айдан кешіктірмей экспорттық бақылаудың бірыңғай тәртібін әзірлейді және экспорттық бақылаудың бірыңғай тәртібін бұзғаны үшін жауапкершілікті көздейтін жүйелі заң актілерін қабылдауды және оларды қолдануға енгізуді қамтамасыз етеді.

6-бап

Экспортты және/импортты сандық шектеу ерекше жағдайда:

- а) Тараптардың ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- б) Тараптардың халықаралық міндеттемелерін орындау;
- в) Тараптардың ішкі рынокты қорғау;

г) Тараптар экспорттайтын тауарлар қатысында Кеден одағы туралы келісімнің қатысушы болып табылмайтын мемлекеттердің құқығын шектейтін шектеу қолдануға жауап шаралар енгізу қажеттілігін негізге алып енгізуі мүмкін.

Тараптар Интеграциялық Комитетке осы Келісім күшіне енген күннен бастап алты ай ішінде Тараптардың үкіметтерімен келісім бойынша экспортына және/немесе импортына сандық шектеу қолданылатын тауарлардың тізбесін, Тараптардың тауарлардың экспортына және/немесе импортына ұжымдық және/немесе ерекше жағдайларда тауарлардың экспортына және/немесе импортына жеке сандық шектеу қабылдаудың тәртібі мен рәсімін әзірлеуді жүктейді.

7-бап

Экспортына және/немесе импортына тыйым салу немесе шектеу қолданылатын тауарлардың тізбелері Тараптардың экономикалық және өзге де ұлттық мүдделерін негізге алып қалыптастырылады, оларға:

- а) қоғамдық мораль мен құқық қорғауды сақтау;

б) адамдардың өмірі мен денсаулығын қорғау, тұтастай алғанда жануарлар мен өсімдіктер әлемін және қоршаған ортаны қорғау;

- в) халықтардың мәдени мұрасын сақтау;

г) мәдени құндылықтарды заңсыз әкетуден және оларға меншік құқығын әкелуден және беруден қорғау;

д) егер осымен байланысты шаралар ішкі өндіріс пен тұтынуды шектеумен қатар жүргізілсе, орны толмайтын табиғи ресурстардың таусылуының алдын алу қажеттігі;

- ж) Тараптардың ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

- з) Тараптардың қаржылық жағдайын қорғау және төлем баланстарын сақтау;

- и) халықаралық міндеттемелерді орындау кіреді.

Тараптар Интеграциялық Комитетке осы Келісім күшіне енген күннен бастап алты ай ішінде Тараптардың үкіметтерімен келісім бойынша экспортына және/немесе импортына тыйым салынатын немесе шектеу шектеу қолданылатын тауарлардың тізбесін бекітуді, осы тізбеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстарды қарау тәртібі мен рәсімін әзірлеуді жүктейді.

8-бап

Тараптар Интеграциялық Комитетке осы Келісім күшіне енген күннен бастап алты ай ішінде Тараптар үкіметтерімен келісім бойынша әкелінетін тауарларды сертификаттаудың бірыңғай тәртібін әзірлеуді және әкелінетін тауарлар, әкелінетін тауарлардың сапасын бақылау қатысында техникалық, фармакологиялық, санитариялық, малдәрігерлік, фитосанитариялық және экологиялық стандарттар мен талаптарды қолданудың бірыңғай тәртібі жөніндегі құжаттарды дайындауды жүктейді.

9-бап

Тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын тауарларды кедендік ресімдеу кезінде Тараптардың кеден органдарына кедендік мақсаттар үшін қажет өзге де құжаттардан басқа Тараптардың уәкілетті мемлекеттік органдары берген лицензия, сертификат пен әкелуге және әкетуге рұқсат табыс етіледі.

Бірыңғай кеден аумағы құрылғаннан кейін бір Тараптың уәкілетті мемлекеттік органдары берген лицензия, сертификат пен рұқсатты барлық басқа Тараптар танитын болады және бірыңғай кеден аумағында олардың бірдей заң күші бар.

Тараптар лицензия, сертификат пен әкелуге және әкетуге рұқсатты өзара танудың бірыңғай тәртібін әзірлеуге дереу кіріседі.

10-бап

Тараптар осы Келісім күшіне енген күннен бастап осы Келісімді іске асыру үшін қажет оларды бірдейлендіруді ескеріп сыртқы экономикалық қызметті тарифтік емес реттеу саласында қолданылатын нормативтік актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізуге келісті.

Тараптар бірыңғай кеден аумағын құру рәсімі аяқталғанға дейін үш ай кешіктірмей осы Келісімнің 2-бабында көзделген тарифтік емес реттеудің бірыңғай шаралары қолданылатын тауарлардың тізбесін келіседі.

Тараптар бірыңғай кеден аумағы құрылғаннан кейін тарифтік емес реттеудің бірыңғай шараларын және тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын тауарлардың тізбесін қолданады.

Тарифтік емес шектеулердің өзге де шараларын қолдану, қолданылып жүрген тарифтік емес шектеудің ортақ деңгейін көтеру, сондай-ақ оларды төмендетуді немесе жоюды Тараптар тиісті нормативтік құқықтық актілер қабылдаумен қатар, бірақ Интеграциялық Комитет немесе Беларусь Республикасының, Қазақстан

Республикасының, Қырғызстан Республикасының және Ресей Федерациясының Мемлекетаралық Кеңесі осы мәселе жөнінде қабылдаған шешім жарияланған күннен бастап үш айдан кешіктірмей жүзеге асырады.

11-бап

Осы Келісімді түсіндіру кезінде туындайтын келіспеушіліктерді, сондай-ақ өзгерістер мен толықтырулар жөнінде ұсыныстар енгізуді Тараптар консультациялар өткізу жолымен, қажет кезде - Интеграциялық комитеттің отырыстарында, келіспеушіліктерді жою мүмкін болмаған жағдайларда - Мемлекетаралық кеңестің отырысында шешеді.

12-бап

Келісім Кеден одағы туралы келісімдерге қосылған, осы Келісімнің ережелерін мойындайтын және оларды толық мөлшерде орындауға дайындық білдіретін кез-келген мемлекеттің оған қосылуы үшін ашық.

Кез-келген Тарап Кеден одағы туралы келісімнен шығу рәсімін жүзеге асырып және одан шыққанға дейін алты айдан кешіктірмей өз ниеті туралы депозитарийге жазбаша хабарлама жіберіп шығуы мүмкін.

Осы Келісімнің депозитарийі Интеграциялық Комитет болып табылады.

13-бап

Осы Келісім Тараптардың заңдарына қайшы келмейтін бөлігінде оған қол қойылған күннен бастап уақытша қолданылады, және депозитарий Тараптардың ішкі мемлекеттік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы хабарламаны алған күннен бастап күшіне енеді.

Мәскеу қаласында 1997 жылғы 22 қазанда орыс тіліндегі бір түпнұсқалық данада жасалды. Түпнұсқалық дана Интеграциялық Комитетте сақталады, ол осы Келісімге қол қойған әр мемлекетке оның куәландырылған көшірмесін жібереді.

Беларусь Қазақстан Қырғыз Ресей

Республикасының Республикасының Республикасының Федерациясының

Үкіметі Үкіметі Үкіметі Үкіметі

үшін үшін үшін үшін